

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 8-бабын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 1 шілде N 3575. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.12.29. N 318 жарлығымен. ~U990318

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 8-бабының 4-тармағына сәйкес қаулы етемін:

1. Төменде аталған лауазымдар мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының мынадай санаттарына жатқызылсын:

1) бірінші санат - Қазақстан Республикасы Президентінің ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі көмекшісінің - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі Хатшысының; Қазақстан Республикасының Президенті көмекшісінің - Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Жоғары экономикалық кеңес Төрағасы орынбасарының; Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы мен оның орынбасарларының лауазымдары;

2) екінші санат - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің құрылымдық бөлімшелері басшыларының, олардың орынбасарларының, құрылымдық бөлімшелері бас инспекторларының лауазымдары;

3) үшінші санат - Сыртқы істер министрлігінің айрықша тапсырмалар жөніндегі елшілерінің; Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі сектор меңгерушілерінің, консультанттарының, аға референттерінің, референттерінің, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы көмекшісінің; Орталық сайлау комиссиясының аппараты бөлім меңгерушілерінің, консультанттарының, сарапшыларының, аға референттерінің, референттерінің, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы көмекшісінің, кеңесшісінің лауазымдары;

4) төртінші санат - Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві бөлім меңгерушілерінің; Сыртқы істер министрлігі аппараты кеңесшілері мен бірінші хатшыларының; облыс, республикалық маңызы бар қала мен Республика астанасының әкімі аппаратының басшысы орынбасарының; облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы әкімдері көмекшілерінің, кеңесшілерінің лауазымдары;

5) бесінші санат - Қазақстан Республикасының Президенті Архивінің бас және жетекші мамандарының; Сыртқы істер министрлігінің аппараты екінші,

үшінші хатшылары мен атташесінің; Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен облыстар және Алматы қаласы бойынша салық комитеттері бас және аға салық инспекторларының; Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы бақылау комитеті бас және аға бақылаушы-ревизорларының; Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің бас және аға қазынашыларының, жетекші бухгалтер-сарапшыларының; облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы әкімдерінің аппараттары алқа хатшыларының, сектор меңгерушілерінің; облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелері құрамындағы бөлім бастықтарының, бөлім бастықтары орынбасарларының; облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы атқарушы органдарының аппараттары консультанттарының, аға референттері мен референттерінің лауазымдары;

6) алтыншы санат - Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві бірінші санаттағы мамандарының; облыстар және Алматы қаласы бойынша салық комитеттері салық инспекторларының; Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы бақылау комитеті бақылаушы-ревизорларының; Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаменті қазынашыларының, бухгалтер-сарапшыларының; ауылдар, селолар, поселкелер, селолық округтер әкімдері орынбасарларының; аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппараттары бөлім бастықтары орынбасарларының; сектор меңгерушілерінің лауазымдары;

7) жетінші санат - аудандық салық бөлімдері бас, аға салық инспекторларының, салық инспекторларының; аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің аппараттары бас, жетекші және аға мамандарының лауазымдары.

2. "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығымен белгіленген мемлекеттік қызметшілердің лауазымдар санаттарына мемлекеттік қызметшілердің жекелеген лауазымдарын жатқызу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 14 қыркүйектегі N 3117 Заң күші бар Жарлығының U963117_ 1-тармағына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1)-тармақшада: "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңес Төрағасы орынбасарының" сөздері алынып тасталсын;

2) 2)-тармақшада: "Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесі Хатшысының" сөздері алынып тасталсын;

3) 3)-тармақшада: "Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясы", "Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі

телерадиокешені басшысының", "Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының құрылымдық бөлімшелері бас инспекторларының", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті бас ғалым хатшысының" сөздері алынып тасталсын;

4) 6)-тармақшада: "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті бас және аға бақылаушы-ревизорларының", "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылығының бас және аға қазынашыларының, жетекші бухгалтер-сарапшыларының"; "облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының жергілікті атқарушы органдарының бөлім бастықтарының, бөлім бастықтары орынбасарларының" сөздері алынып тасталсын;

5) 7)-тармақшада: "облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен Республика астанасы әкімдері аппараттарының сектор меңгерушілерінің"; "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті

бақылаушы-ревизорларының"; "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылығының қазынашыларының, бухгалтер-сарапшыларының" сөздері алынып тасталсын;

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті